Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 карашадағы N 1389 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 қазандағы N 1051 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.14. N 765 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.14.* N 765 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әкелінетін тауарларға кеден бажының ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 қарашадағы N 1389 қаулысына ( Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 46, 450-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

мына:

"3209 синтетикалық полимерлердің немесе химиялық жетілдірілген табиғи полимерлердің негізіндегі, суда шашыратылған немесе ерітілген бояулар мен лактар (эмаль мен политураны қоса алғанда) 15"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"3215 19 000 0 өзге баспаханалық бояу 0******";

мына:

"6908 10 100 0, 6908 10 900 0, 6908 90 210 0, 6908 90 290 0, 6908 90 310 0, 6908 90 910 0, 6908 90 990 0 төсеу үшін пайдаланылатын тақталар, едендерге, пештерге, каминдерге немесе қабырғаларға арналған қыштан жасалған жылтыратылған қаптайтын тақтайлар; мозаикалық жұмыстар үшін қыштан жасалған жылтыратылған текшелер және оның негізіндегі немесе онсыз жасалған соған ұқсас бұйымдар 20, бірақ 1 кг үшін 0,08 ЕВРО-дан кем емес"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"6908 90 110 0 беткі жағы 90 см $^2$ аспайтын 15
6908 90 510 0 "шпальтплаттен" үлгісіндегі қосарланған

тақтай ";

мына:

"85 электр машиналары мен жабдықтар, олардың бөліктері; дыбыс жазатын және дыбыс шығаратын аппаратура, теледидар бейнесі мен дыбысын жазуға және қайта жаңғыртуға арналған аппаратура, олардың бөліктері мен керек-жарақтары 0

мыналардан басқа: "

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"8504 21 000 0 қуаттылығы 650 кВА-дан аспайтын сұйық диэлектригі бар трансформаторлар 15

8504 22 100 0 қуаттылығы 650 кВА-дан астам, бірақ 1600 кВА-дан аспайтын сұйық диэлектригі бар трансформаторлар 15 ";

мына:

"8702 жүргізушіні қоса алғанда, 10 немесе одан да көп адамды тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары (2) 0 "

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

" мыналардан басқа:

8702-ден жүргізушіні қоса алғанда, 10 немесе одан да көп адамды тасымалдауға арналған жеңіл автомобильдер (2) 10, бірақ 1 см $^3$ двигательдің көлемі үшін 0,1 ЕВРО-дан кем емес";

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"****** кеден баждарының ставкалары 2006 жылғы 1 қыркүйекке дейін қолданыста болады.".

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Еуразия экономикалық қоғамдастығы Интеграциялық Комитетінің Хатшылығына Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын сыртқы сауда қызметін реттеу шаралары туралы хабарласын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК